

Атырау қаласында бейбіт жиналыстарды өткізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 18 қыркүйектегі № 531 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 қазанда № 4740 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2022 жылғы 28 наурыздағы № 143 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 28.03.2022 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының 8-бабына сәйкес, Атырау қаласының Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Атырау қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормасы, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары айқындалсын.

2. Атырау қаласы Мәслихатының 2020 жылғы 5 ақпандағы № 473 "Атырау қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4592 санымен тіркелген, 2020 жылғы 21 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Мәслихаттың әлеуметтік сала, құқық тәртібі және депутаттық өкілеттілігі бойынша тұрақты комиссиясына (С. Рахимова) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

LXII сессия төрагасы

Атырау қаласы Мәслихатының хатшысы

С. Шомиров

А. Зайдуллин

Атырау қаласы Мәслихатының 2020

Атырау қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормаларын, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары

1. Атырау қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету және олардың шекті толу нормалары:

| № | Арнайы орындар | Арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету | Шекті толу нормасы |
|---|--|---|------------------------|
| 1 | Әбілхайыр хан даңғылы, "Салтанат сарайы" ғимаратының маңы | 1) жасанды жарықтандыру; 2) электр энергиясын қосуға арналған нүктө; 3) 80 тұрақ орындары (2 кіру, 2 шығу); | 700 адамнан астам емес |
| 2 | Сүлеймен Сауыргалиев көшесі №1, "Ретро саябағы" | 1) жасанды жарықтандыру; 2) электр энергиясын қосуға арналған нүктө; 3) 50 тұрақ орындары (1 кіру, 1 шығу); | 500 адамнан астам емес |
| 3 | "Каз Транс Ойл" акционерлік қоғамы Атырау мұнайқұбыры басқармасы ғимаратының алдынан бастап Нұрғиса Тілендиев көшесі бойымен "Жеңіс" саябағына дейін | 1) жасанды жарықтандыру; 2) электр энергиясын қосуға арналған нүктө; 3) 50 тұрақ орындары (1 кіру, 1 шығу); | 700 адамнан астам емес |

2. Атырау қаласы әкімдігінің өкілі хабарламаны (пикеттеу, жиналыс және митинг нысанында бейбіт жиналыстар өткізу үшін) немесе өтінішті (демонстрация және шеру нысанында бейбіт жиналыстар өткізу үшін) он қараған кезде бейбіт жиналысты ұйымдастырушымен бірлесіп, іс-шараны өткізу тәртібін келісу үшін бір күн ішінде арнайы өткізу орнына келесідей сұрақтармен барады:

- 1) бейбіт жиналыстарды өткізу орнының материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуімен танысу;
- 2) шеру және демонстрация маршрутымен танысу үшін.

3. Бейбіт жиналыс өткізілетін күні ұйымдастырушылар және оның қатысушылары Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 5 және 6-баптарының талаптарын сақтауы қажет.

4. Заңның 9-бабының 5-тармағында көзделген объектілердің іргелес аумақтарынан кемінде 150 метр арақашықтық шекарамен айқындалсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК